Тресталарды өнеркәсіптік әзірлеу цехтарын іске қосуды тездету мақсатымен ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігіне 1954—1956 жылдарда маусымды өндірісі бар темірбетонды ашық камералар түрінде зығырды жылылықпен жібіту цехтарын салып іске қосуға, сөйтіп таяудағы жылдары бұлардың үстінен өнеркәсіптік үйлерді салып цехтарды жыл бойына жұмыс істеуге көшіру үшін қажетті жабдықтар орнатуға право берілсін.

24. Электр станциялар министрлігіне зығырдың ылғалды тресталары үшін кептіргіш қондырғылар үшін салу жобасын 1954 жылғы 1 июньге дейін жасау және конопляның ылғалды тресталары үшін кептіргіш қондырғылары үшін салу жобасын 1954 жылғы 1 августқа дейін жасау, ал ССРО көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігіне зығырдың ылғалды тресталары үшін кептіргіш қондырғылардың жұмыс чертеждерін 1954 жылғы 1 августқа дейін жасау және конопляның ылғалды тресталары үшін кептіргіш қондырғылардың жұмыс чертеждерін 1954 жылғы 1 октябрьге дейін жасау міндеттелсін.

25. Машина жасау және аспап жасау министрлігіне, ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігіне мыналарды жобалап, жасап табыс ету міндеттелсін:

а) 1954 жылғы 1 июньге дейін талқы-түткіш МТ-100-Л агрегатының бақы даналарын, шашақ әзірлегіш КИ 10-С-Л машинасын және ТГ 100-Л сілікші машиналарын;

б) 1954 жылы технологиялық жабдықтар берудің жалпы жоспары есебінен ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігіне зығыр трестасы үшін 30 сыққыш-жуғыш ОПЛ машинасы, зығырды сорттайтын 23 АСЛ машинасы және зығыр сабандарын прессалайтын 27 машина және 1955 жылы 90

27. Құрылыс және жол машина жасау министрлігіне, Ауыр машина жасау министрлігіне, Станок жасау және сайман жасау министрлігіне, Автомобиль, трактор және ауылшаруашылық машиналарын жасау министрлігіне, Машина жасау және аспап жасау министрлігіне, Электротехникалық өнеркәсіп министрлігіне, ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігіне, Химия өнеркәсіп министрлігіне, ССРО Ағаш өнеркәсіп министрлігіне, ССРО Қара металлургия министрлігіне, ССРО Көмір өнеркәсіп министрлігіне және Белорус ССР Министрлер Советіне 1954 жылы зығыр мен конопляны алғашқы өңдеу заводтарын, тресталарды өнеркәсіптік әзірлеу цехтарын және зығырды бастыру цехтарын салу үшін ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігіне қосымша жабдықтар, машиналар, материалдар және құрылыс механизмдерін беру міндеттелсін.

28. ССРО Автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) 1954 жылы ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігінің келісімі бойынша Министрліктің автомобиль транспортымен колхоздардан зығыр заводтары мен талшық заводтарына 150 мың тонна зығыр трестасын және 140 мың тонна бастырылмаған зығыр, орта орыс коноплясы тресталары және оңтүстік конопля сабақтары тасылсын.

б) 1954 жылы ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігінің «Главзаготльнопromын» кәсіпорындары мен құрылыстары үшін 190 жүк автомобиль моторлары жөнделісін.

29. РСФСР Министрлер Советіне 1954 жылы ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігіне белгіленген жобалау жұмыстарының көлемі есебінен 950 мың сом мөлшерінде зығыр-талшық заводтарын салу және қайта құру жөнінде іздестіру жұмыстарын және қайталап қолданылатын жобалау жұмыстарын байланыстыруды жүзеге асыру міндеттелсін.

30. Белорус ССР Министрлер Советіне 1954 жылы ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігіне белгіленген жобалау жұмыстарының көлемі есебінен 250 мың сом мөлшерінде зығыр-талшық заводтарын салу және қайта құру жөнінде іздестіру жұмыстарын және қайталап қолданылатын жобалау жұмыстарын байланыстыруды жүзеге асыру міндеттелсін.

31. ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігіне мынадай праволар берілсін:

а) зығыр, конопля және оңтүстік тінді дақылдар дайындау және алғашқы өңдеу бас басқармасы («Главзаготльнопrom») құрамында кәзіргі республикалық, өлкелік, облысаралық және облыстық конторлардың базасы негізінде зығыр, конопля және оңтүстік тінді дақылдар дайындау және алғашқы өңдеу жөніндегі республикалық, өлкелік, облысаралық және облыстық трестерін қалпына келтіру, ал украин және белорус республикалық конторларын осы конторлардың финансы органдарында тіркелген сан және жалақы қоры мөлшерінде украин және белорус

конопляның сабағы — 39,15 оңтүстік коноплясінің тұқымы — 0,45

38. РСФСР, Украин ССР, Белорус ССР, Литван ССР, Латыш ССР, Қазақ ССР, Қырғыз ССР және Эстон ССР Министрлер Советтеріне салалы зығыр мен конопляның талшығын, тресталарын, сабағын, контрактиациялау жоспарларын, орташа номерлерін (сорттарын) белгілеп 7 күндік мерзім ішінде автономиялық республикалардың Министрлер Советтеріне—аудандарға жеткізу және салалы зығыр мен конопляның өнімін тапсыру жоспарларын совхоздарға жеткізу, сөйтіп 1954 жылы егілген зығыр мен конопляның өнімін контрактиациялаудың және дайындаудың бүкіл республика, өлке, облыс үшін белгіленген жоспарының талық сақталуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

Аудандық атқару комитеттері салалы зығыр мен конопляны контрактиациялаудың аудан үшін бекітілген жоспарына сәйкес, колхоздар үшін жоспарда көрсетілген егіс алаңының әр гектарынан зығыр мен конопляның талшығын (балама бойынша) және тұқым контрактиациялаудың нормаларын, сол сыяқты бір әкімшілік ауданның шегінде әртүрлі үш нормадан артық жол бермей салалы зығыр мен конопляның талшығының, тресталары мен сабандарының тапсыру жоспарлары мен орташа номерлерін (сорттарын) бекітсін.

ССРО ауылшаруашылық министрлігінің жоспары бойынша тұқым үшін себілген салалы зығыр мен конопляның бір гектарға тұқым себу нормасы 50 килограмға дейін) талшығы мен трестасын контрактиациялау договорлары бойынша тапсыру нормасы аудан бойынша тапсырудың орташа нормасының 50—75 проценті мөлшерінде тағайындалады.

МТС-тердің орындаған жұмыстарына зағтай ақы төлеу есебіне тапсырылатын салалы зығыр мен конопляның талшығы, трестасы, сабағы мен тұқымы колхоздардың дайындау бағасы бойынша төлеусіз контрактиация жоспарын орындауы болып есептеледі.

39. Колхоздардың 1954 жылдың егісінен контрактиация жоспарының есебіне салалы зығырдың, ортароссиялық және оңтүстік конопляның өнімдерін тапсырудың мынадай календарлық мерзімдері тағайындалсын:

а) салалы зығырдың тұқымын тапсыру жөнінен: Украин ССР, Белорус ССР, Башкұрт АССР, РСФСР-дың Орталығының автономиялық республикалары мен облыстары —августа —20 процент, сентябрьде —50 процент және октябрьде —30 процент; Латыш ССР, Литван ССР, Эстон ССР, Коми АССР (Удмурт АССР және РСФСР-дың Солтүстік-Батыс облыстары) августа —10 процент, сентябрь мен октябрьде —45 проценттен; Урал мен Сибирьдің өлкелері мен облыстары —сентябрьде —35 процент және октябрьде —жылдық жоспардың 65 проценті;

жоспардың 30 проценті;

г) зығыр трестасын тапсыру жөнінен: Украин ССР, Белорус ССР, Башкұрт АССР, РСФСР-дың Орталығының облыстары мен автономиялық республикалары — сентябрьде —10 процент, октябрьде, ноябрьде және декабрьде —30 проценттен; Латыш ССР, Литван ССР, Эстон ССР, Коми АССР, Удмурт АССР және РСФСР-дың Солтүстік-Батыс облыстары —сентябрьде —10 процент, октябрьде —20 процент, ноябрьде —25 процент, декабрьде —35 процент және январьда —10 процент; Урал мен Сибирьдің өлкелері мен облыстары —сентябрьде —5 процент, октябрьде —15 процент, ноябрьде және декабрьде —30 проценттен, январьда —жылдық жоспардың 20 проценті;

д) зығыр талшығын тапсыру жөнінен: Украин ССР, Белорус ССР, Башкұрт АССР, РСФСР-дың Орталығының облыстары мен автономиялық республикалары —октябрьде —15 процент, ноябрьде —30 процент, декабрьде —35 процент және январьда —20 процент; Латыш ССР, Литван ССР, Эстон ССР, Коми АССР, Удмурт АССР және РСФСР-дың Солтүстік-Батыс облыстары — октябрьде —5 процент, ноябрьде —25 процент, декабрьде —40 процент, январьда —20 процент және февральда —10 процент; Урал мен Сибирьдің өлкелері мен облыстары — октябрьде —5 процент, ноябрьде —20 процент, декабрьде —35 процент, январь мен февральда жылдық жоспардың 20 процентінен;

е) ортаорыс коноплясінің тұқымын тапсыру жөнінен: Украин ССР, Белорус ССР, Брянск, Орел, Курск және Калуга облыстары үшінші тоқсанда —10 процент, октябрьде —60 процент және ноябрьде —30 процент; Мордва АССР, Татар АССР, Чуваш АССР, Арзамас, Воронеж, Пенза, Рязань, Тамбов облыстары —үшінші тоқсанда —10 процент, октябрьде —50 процент және ноябрьде —40 процент; барлық қалған облыстар, өлкелер мен республикалар үшін—үшінші тоқсанда —5 процент, октябрьде —45 процент, ноябрьде —жылдық жоспардың 50 проценті;

ж) ортаорыс коноплясінің сабағын тапсыру жөнінен: Украин ССР, Белорус ССР, Брянск, Орел, Курск және Калуга облыстары —ноябрьде —15 процент, декабрьде —60 процент және бірінші тоқсанда —25 процент; Мордва АССР, Татар АССР, Чуваш АССР, Арзамас, Воронеж, Пенза, Рязань және Тамбов облыстары —октябрьде —10 процент, ноябрьде —20 процент, декабрьде —50 процент және бірінші тоқсанда —20 процент; барлық қалған облыстар, өлкелер мен республикалар үшін —октябрьде —10 процент, ноябрьде —25 процент, декабрьде —50 процент және бірінші тоқсанда —жылдық жоспардың 15 проценті;

з) ортаорыс коноплясінің трестасын тапсыру жөнінен: октябрьде —60 процент, ноябрьде —50 процент, декабрьде —10 процент, январьда —жылдық жоспардың 20 проценті, октябрьде —15 процент, ноябрь мен декабрьде —20 проценттен, бі-

5 центнер сабағы бір центнер талшық үшін есептеледі.

42. Салалы зығыр мен конопля егісін бар колхоздарға салалы зығыр тұқымының орнына конопляның тұқымын немесе конопля тұқымының орнына салалы зығырдың тұқымын бір центнері үшін бір центнер эквиваленті бойынша, сол сыяқты ұзын талшықтың орнына салалы зығырдың талшығын немесе салалы зығыр талшығы орнына ұзын талшықты салалы зығырдың екі центнер — номер талшығы үшін —бір центнер номер ұзын талшық эквиваленті бойынша тапсыруға право берілсін.

43. Колхоздар зығыр талшығы мен ұзын талшықты зығыр мен конопляның трестасы мен сабағының орнына немесе зығыр талшығы мен ұзын талшықтың орнына сабан мен трестаны тапсырғанда контрактиация жоспарын орындауға есептеу талшық орнына тапсырылатын трестаның немесе сабаның колхоз немесе аудан үшін тағайындалған орташа номері негізге алынып, сапасы ескеріле отырып, баламаның кәзіргі коэффициенттері бойынша жүргізілетін болып белгіленсін.

44. Колхоздарға контрактиация жоспары есебіне оңтүстік коноплясінің сабағы орнына оңтүстік коноплясі сабағының бір тоннасы үшін 750 килограмм треста немесе 120 килограмм талшық беру есебінен оңтүстік коноплясінің талшығы мен трестасын тапсыруға право берілсін.

45. Мемлекеттік банкке мыналар міндеттелсін:

а) контрактиациялаушы ұйымдарға салалы зығыр мен конопляның өнімдерін контрактиациялау жөнінен колхоздарға ақшалай аванс беру үшін 1955 жылдың 1 мартына дейінгі мерзіммен кредит ашылсын;

в) колхоздарға арнаулы счеттар ашылсын, дайындау ұйымдары төлеген, контрактиациялау жөніндегі аванс соманың 50 проценті және мемлекетке зығыр мен конопля өнімдерін тапсыру үшін төленген соманың 50 проценті осы счеттар бойынша есептелетін болсын, ал бұл қаржылар

жүргізіледі.

48. ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігіне және Орталық тұтынушылар кооперациясының одағына контрактиация бойынша тапсыру жоспары берілмеген колхоздардан, сол сыяқты колхоз үйлерінен кәзіргі дайындау бағалары бойынша (қосымша ақшасыз) салалы зығыр мен конопляның өнімдерін қабылдау правосы берілсін, ал олар контрактиация жоспарының есебіне мемлекетке салалы зығыр мен конопля өнімдерін тапсыратын колхоздар үшін тағайындалған нормалар бойынша астық (бидай), өсімдік майын немесе қант, күнжара және өнеркәсіп товарларын сататын болсын.

49. 1954 жылдың өнімінен бастап контрактиациялау договорлары бойынша егістің әр гектарынан колхоздардың салалы зығыр мен конопля өнімдерін тапсырғаны үшін қосымша ақша төлегенде жоспардан тыс егілген зығыр мен конопляның көлемі, сол сыяқты аңызға егілген (екінші өнім) салалы зығыр көлемі есептелмейтін болсын, ал, колхоздардың бұл егіс алаңдарынан алын тапсырған өнімі контрактиациялау договоры бойынша тапсыруға есептелетін болып тағайындалсын.

50. Колхоздарға аталық конопляні жыйнауда істеген колхозшыларға осы жұмыста тапқан еңбеккүндерге бөліп, жыйналған аталық конопляның 50 процентін беру ұсынылсын.

51. Салалы зығыр мен ортаорыс коноплясінің өнімдерін, сол сыяқты оңтүстік коноплясінің сабағын контрактиациялау және дайындау ісі ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігіне, ал бұл Министрліктің дайындау аппараты жоқ республикаларда, өлкелерде, облыстар мен аудандарда бұл іс Орталық тұтынушылар кооперациясының одағына жүктелсін. Тұқымға арналған егістен алынған салалы зығыр мен конопляның тұқымдарын контрактиациялау және дайындау ісі ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

Алдыңғы қатарлы огород бригадасында

Өткен жылы Октябрь ауданындағы «Путь коммунизму» колхозындағы Батеха жолдас басқарған огород бригадасының мүшелері қарбыз бен қауын өсіру жұмыстарын үлгілі өткізді. Осының нәтижесінде бұл бригаданың мүшелері қарбыздың әрбір гектарынан 80 центнер орнына 200 центнерден өнім алған болатын. Колхоз бұдан алған өнімдерді сатудан 100 мың сомға жуық пайда түсірді.

Быйыл олар картон пен оның дақылдарының егіс көлемін ұлғайта отырып, олардан мол өнім алу үшін жұмыс қарқынын күшейтуде. Егіс көлемі негізінен қолда суарылатын жерлер есебінен ұлғаймақ. Өткен жылы Бағанаты өзенінде су бөгетін жасаған болатын. Ол быйыл колхозда 40 гектарға жуық жерді қолдан суаруға мүмкіндік береді. Мұның 15 гектарына картоп, 5 гектарына калуста, 20 гектарына қыяр және басқа омыштар отырғызылмақ. Бригада осы жұмысты

іске асыруға толық әзірленді. Олар себілетін барлық огород дақылдарының сортты тұқымдарын дайындап, егіске жаппай кірісті.

Сонымен бірге, бригада мүшелері колхозда қосымша ұшжары гектарға жеміс ағаштарын егуді ұйғарып отыр.

Огород бригадасының бригадирі Батеха жолдас 15 жылдың ішінде жеміс ағаштарын күтім жасауда жақсы тәжірибеге ие болды. Ағаш отырғызуға керекті жерді күздікте кемінде 25 сантиметр тереңдікте дайындайды. Қар кетісімен оны екі рет өңдеп, күздікте қайта жыртады. Ағаш отырғызатын шұңқырдың көлемін 60x60 сантиметр етіп әзірлейді. Ол шұңқырларға қара топырақ салынып, май айының алғашқы күндерінде ағаштар отырғызылады.

В. АЛЕКСАНДРОВ.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Ұйымдастыру және саяси жұмыс—табыс кілті

Жұртқа мәлім, үстіміздегі жылғы көктемгі егістің өзіне тән ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер мынада: егістің көлемі анағұрлым артты, жүздеген гектар тың және тыңайған жерлерді жырту, өңдеу және оған тұқым себуі қажет. Тракторлар мен көлік күші орындайтын жұмыстардың арасалмағы еселеп өсті. Мұның үстіне көктем ұзаққа созылып, ауа райының жауын-шашынды болуы қосымша қиындық туғызды.

Сондықтан барлық қиыншылықтарды жеңу, табысқа жету жолы егіс дала-сында ұйымшылдықты, еңбек тәртібін арттыруға, тракторшылардың, тіркеушілердің, колхозшылардың еселеген жігермен еңбек етіп, жұмыс нормаларын асыра орындауы үшін олардың саналылығын немі арттырып отыруға байланысты. Бұл үшін кадрларды дұрыс іріктеп алу, оларды орналастыру, бұқарамен күнбз-күн жұмыс істеуі қажет. Аудан партия ұйымы бүкіл партиялық-саяси жұмыстың мазмұнын, міне, осы мақсатты орындау жолына бағыттады.

Көктемгі дала жұмыстары басталғанға дейін партия ұйымдарының көмегі арқасында машина-трактор станциялары әрбір трактордың екі сменда жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тракторшылармен, тіркеушілермен қамтамасыз етті. Механизаторлар кадрларының басым көпшілігі мамандықтарын арттыру жөнінде арнаулы курастерден өтті. Колхоз, МТС партия және комсомол ұйымдары коммунистер мен комсомолдердің негізгі күшін көктемгі дала жұмыстарының тағдыры шешілетін участоктерге бөліп, әрбір егіс және трактор бригадасында партия, партия-комсомол топтарының немесе комсомол ұйымының жұмыс істеуіне, «Жауынгерлік листоктардың» үздіксіз шығып тұруына баса назар аударулы.

Аудандық партия комитеті апрель айының алғашқы жартысында МТС аймақтары бойынша партия, партия-комсомол топтары ұйымдастырушыларының, комсомол ұйымдары секретарьларының, үгітшілер мен «Жауынгерлік листоктар» редакторларының семинар-кеңестерін өткізді. Оған қатысушылар бригадаларда партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың түрлері мен әдістері, егіншілердің социалистік жарысын ұйымдастыру, еңбек өнімділігін арттырудың жолдары, тың және тыңайған жерлерді игерудің агротехникасы және халықаралық жағдай жөнінде ұйымдастырылған баяндамалар мен лекцияларды тыңдады.

Күншілері жүргізілген эздік жұмыстары дала жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап, егіншілердің өнімді жұмыс істеуіне әсер етпей қойған жоқ. Партия ұйымдары көп жерлерде бұқаралық-саяси жұмысты кеңінен ұйымдастырып, оның мазмұнын көктемгі егістің агротехникалық қысқа мерзімде аяқтау міндетіне бағыттауда. Мәселен, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы партия ұйымы егіншілердің тұрмыстық жағдайына ерекше назар аударып, мәдени қостың ойдағы-

★
М. КАМАЛЕТДИНОВ,
ҚКП Полудень аудандық комитетінің секретары

★
лады. Осының нәтижесінде колхозда жұмыс істейтін Никитин жолдастың трактор бригадасы май айының алғашқы онкүндігінің қорытындысында Ново-Георгиевка МТС-сі бірінші орынға ие болды. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Дала жұмыстарындағы механизаторлар мен колхозшылар арасында аудандық партия комитетінің МТС аймақтары жөніндегі нұсқаушылар топтары игілікті жұмыстар жүргізуде.

Полудень МТС-нің қамтуындағы Аманкелді атындағы колхозда екі трактор бригадасы жұмыс істейді. Алайда, колхоз май айының алғашқы онкүндігінде артта қалды. Нұсқаушы Марков жолдас колхозға келіп, істің жайымен танысты. Еңбек ұйымдастыру, егіншілерді ыстық аспен қамтудағы кемшіліктердің бетін ашты. Марков жолдас дала жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде орын текшен кемшіліктерді партия жыйналысында талқылауға ұсынып, ол кемшіліктерді жою туралы нақтылы шаралардың белгіленуіне жетісті. Мұнан кейін нұсқаушы коммунистер және комсомолдерді механизаторлар мен колхозшылардың арасында авангардтық роль атқаруға жұмылдырды, бұқаралық-саяси жұмыстың мазмұнды болуы жөнінде үгітшілермен еңгіме өткізді. Көзір колхоз көктемгі дала жұмыстарын ұйымдастыруда елеулі табыстарға ие болуда.

Егіншілер арасындағы партиялық-саяси жұмыспен жалғыз нұсқаушылар топтарының қызметкерлері ғана емес, аудандық партия комитетінің барлық мүшелері және басқа да активтер үнемі шұғылданады.

Мәселен, аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Рылин Киров атындағы колхозда болды. Ол дала жұмыстарының жайымен танысқаннан кейін механизаторлар мен колхозшылар алдында СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумының қаулысы жөнінде баяндама жасады. Рылин жолдас өзінің баяндамасында трактор және егіс бригадаларының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді көрсететін мысалдарды орынды пайдаланды. Баяндамадан кейін механизаторлар мен колхозшылардан 10 адам сөз сөйледі. Трактор бригадасында есеп жұмысы бетімен жіберілген. Қолда бар 5 сеяканың үшеуі орынсыз пайдаланылған. Тракторшы Соловьев жерді түрлендіріп плауген жыртқан. Судың уақытында жеткізілмеуінен тракторлардың бос тұру фактілері орын алған. Егіншілер осы кемшіліктері үшін МТС директоры Лосев және колхоз председатели Чулкин жолдасарды қатты сынады.

Егіншілердің дабылы МТС пен колхоз басшыларын терең ойландырды. Трактор

жолдаспен «ДТ-54» тракторына отырып, аңызды үш рет айналды. Сөйтіп, Востриков жолдас тракторшыны егер тракторды біркелкі емес, аңыздың жағдайына қарай бірде баяу, бірде шапшаң жүргізсе, әрбір айналғанда 10 минут уақыт үнемдеуге болатынына сендірді. Тракторшы бұл күні осы әдіспен жұмыс істеп, үнемделген біржарым сағат уақыттың есебінен қосымша 3 гектар жер жыртты. Бұл факт жөнінде Востриков жолдас бригада мүшелерімен арнаулы еңгіме өткізді. Міне, осыдан бастап бригада мүшелерінің арасында уақыттың әрбір минутын тиімді пайдалану, еңбек өнімділігін арттыра беру жөнінде социалистік жарыс барған сайын қыза түсуде. Казанцев жолдастың бригадасы аудан бойынша социалистік жарыста алда келеді.

Аудан партия ұйымы көктемгі дала жұмыстарын ұйымдастыруда озат тәжірибелер мен жаңалықтарды қолдау мәселесіне ерекше назар аударады. Ворошилов атындағы колхозда сеялқаларға тұқымды жүріп бара жатқанда салу әдісі енгізілді. Агроментің оқытушысы Сезоненко жолдас жергілікті материалдардан картопты шаршы-ұялап отырғызу үшін пайдаланылатын картоп отырғызыш жасады. «Путь Ильича» колхозында жүгеріні шаршы-ұялап отырғызу үшін станок жасалды. Бұл жаңалықтардың бәрі де аудан колхоздарына кеңінен таратылуда.

Алайда, атап айту қажет, бұқара арасында ұйымдастыру және саяси-тәрбие жұмысын жүргізуде әлі де елеулі кемшіліктер бар. Көп жерде формальдылыққа, үгітшілікке жол беріледі. «Путь социализма» колхозында егіс жұмыстарының алғашқы онкүндігінде бригадаларда ешкім бұқаралық-саяси жұмыс жүргізбеді. Колхоз партия ұйымының секретары Журавлев жолдас басқаны айтпағанда бөлінген радиоқабылдағышты алып, мәдени қосқа орнатуды да қажет деп таппады. Егіс бригадаларында көпшілік тамақтану ұйымдастырылмады. Осы себепті колхоз көктемгі егісте артта қалып қойды. Аталған колхозда МТС партия ұйымының секретары Руденко жолдас бес күн болып, егіншілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты жақсарту жөнінде мардымды ештеңе істей алмады. «Красный Октябрь» колхозында да жағдай дәл осындай. Аудандық партия комитетінің Ново-Георгиев МТС-аймағы жөніндегі секретары Бодров жолдас аталған колхоздарда бұқара арасындағы жұмысты жақсарту жөнінде тиісті шараларды жүзеге асыруды ұмыттып жүр.

Бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастырудағы елеулі бір кемшілік—ол көп жерлерде колхоз бен бригаданың өмірімен тығыз байланыстырылмайды. Мәселен, Ново-Никольск оқу үйінің меңгерушісі Шеголева жолдас бригаданда еңгіме өткізгенде аудандық газеттің бір мақаласын оқып берумен қанағаттанып, өз колхозының жайы жөнінде жұмған аузын ашпаған. Еңгімені бұлай ұйымдастырғаннан не пайда?!



Петропавл ауылшаруашылық техникумының оқушылары өсіруді зерттеу жөніндегі лабораториясында.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) үшінші курстың студенттері А. Зотова, және Е. Фомина сабақта отыр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Бунчиков пен Нечаевтың концерті

Жуырда Петропавл қаласына Бүкілодақтық радиокомитеттің әншілері, еліміздің халықтарының арасына көп тараған совет композиторларының әндерін орындаушылар—РСФСР-дың еңбек сіңірген артисі В. Бунчиков және әнші В. Нечаев келді. Олар Петропавлдың драма театрында облыс еңбекшілері үшін совет әндерінен үлкен концерт берді.

Бірінші бөлімде ән салған В. Нечаев өзінің актерлік шеберлікті меңгеріп, жағымды әдемі дауыспен ән сала білетіндігін көрсетті. Белгілі композитор Блантердің совет радио тыңдаушыларына көптен таныс және сүйкімді болған «Қарақат», «Студенттік қолтасу» және композитор Соловьев-Седойдың «Ақ түн жамылған Ленинград» және басқа әндерді ойдағдай орындады.

Концерттің екінші бөлімінде В. Бунчиков совет теңізшілеріне арналған «Ақ қанатты шағалалар», «Ақ түн», «Туған жерден алысқа ұзап шыққанда» деген әндерді орындады. Сол сыяқты, ол орындаған Соловьев-Седойдың «Сәулем мені естігейсін», «Азов партизанының әні» және белгілі композитор Дунаевскийдің «Мектеп баласы» деген әндерін әдемі, ашық дауыспен жақсы орындады.

Концерттің қорытындысында В. Бунчиков және В. Нечаев Соловьев-Седойдың «Самаурын», Богословскийдің «Жаңбыр», Мокроусовтың «Біз үлкен сапардың адамдарымыз» деген әндерді қосылып айтты.

А. РАМАЗАНОВ.

ТАҒЫДА КОРЕЙ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

В. М. МОЛОТОВТЫҢ Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесінде 1954 жылғы 11 майда жасаған мәлімдемесінің соңы

Председатель мырза, делегат мырзалар! Корей мәселесін осы кеңесте талқылау бұл мәселені шешу жөніндегі көзқараста едәуір алшақтық бар екенін көрсетеді.

Осында тәуелсіз және демократиялық мемлекет ретінде Корейнің бірлігін қалпына келтіру туралы мәселе жөнінде Корей Халық-Демократиялық Республикасының ұсыныстары баяндалды. Бұл ұсыныстарды Қытай Халық Республикасы мен Совет Одағы қолдады. Бұл ұсыныстардың негізі Корейнің бірлігін қалпына келтіру, ең алдымен, корейлердің өз ісі, корей халқының ісі деген көзқарас болып табылады. Осыған сәйкес, корей мемлекетінің саяси және қоғамдық құрылысы туралы корей халқының қабылдауына болмайтын қарарларды оған тықпалау әрекеттерінің қандай болса да қабылданбайды. Бұл жөнінде мейлі қандай сөзді болса да айта берсін, бірақ Совет үкметі Корей Халық-Демократиялық Республикасының бұл позициясы демократизм принциптеріне сай келеді және, сонымен бірге корей халқының түбірлі мүдделері мен ұлттық праволарына сай келеді деп толық дәлелмен мәлімдей алады.

Бұл кеңесте корей мәселесі жөніндегі басқа позиция да баяндалды. Бұл позиция 1950 жылғы 7 октябрьде корей соғысы жүріп жатқан кезде қабылданған БҰҰ Бас Ассамблеясының заңсыз қарарын корей халқына тағу әрекетіне тіреліп отыр. Совет Одағының және Біріккен Ұлттар Ұйы-

Корей мәселесі және Біріккен Ұлттар Ұйымы

Міне мұның бәрі Біріккен Ұлттар Ұйымының корей оқылғаларындағы роліне ерекше тоқтап өтуі талап етеді. Мұның қажет болатын тағы бір себебі сол, осы кеңесте де Корейдағы оқылғаларға қатысы бар барлық жұртқа мәлім фактілер көп жағдайда теріс баяндалып отыр.

Ал шындығы Біріккен Ұлттар Ұйымы корей оқылғалары кезіндегідей масқара жағдайда, сірә, әлі еш уақытта да болған емес. Бұл істе Америка Құрама Штаттарының Корейдағы өз мақсаттарын көздеп, Біріккен Ұлттар Ұйымының жалауын осы халықаралық ұйымның мүдделеріне, праволарына және мақсаттарына ешқандай қатысы жоқ мақсаттар үшін пайдаланғанын фактілер айқын көрсетіп отыр. Женева кеңесінде корей мәселесін талқылаған уақытта біз дүниежүзілік екінші соғыс аяқталғаннан кейін Корейдағы оқылғалардың қалай дамығанын ұмытпауға тиіспіз.

1945 жылдың жазында, милитаристік Жапонияға қарсы соғыстағы одақтастар арасында жасалған келісімге сәйкес, совет әскерлері 38-ші параллельдің солтүстік жағында орналасқан Корейнің территориясына, ал АҚШ әскерлері—38-ші параллельдің оңтүстік жағындағы территорияға жіріп болатын. Бұлар сол кезде де

мына кіретін бірқатар басқа мемлекеттердің білдірген наразылықтарына қарамастан қабылданған Бас Ассамблеяның бұл қарарында Оңтүстік Корейге ғана емес, сонымен бірге Солтүстік Корейге де жүзеге асырылуға қолдауға әрекет жасалған болатын. Бас Ассамблеяның осы қарары бойынша «БҰҰ-ның Корейні біріктіру және құрылған болатын. Соның өзінде Оңтүстік Корейге ғана емес, тіпті «бүкіл Корейда» да «орнықты жағдай» дейтінді қамтамасыз ету міндеті қойылған, яғни бүкіл Корейге соғыспен оккупациялауды жүзеге асыруға және Қытай Шығыстағы американдық агрессиясын ұлғайтуды аяқтауға әрекет жасалған болатын. Солтүстік Корей жөнінде басқыншылық мақсаттарын көздеген осы заңсыз қарарға Корей Халық-Демократиялық Республикасының үкметі батыл наразылық білдірген болатын. Кәзіргі уақытта дәл осында осы заңсыз қарарды жүзеге асыруды талап етіп, тағыда әрекет жасалып отырған болса, міне соның өзінде БҰҰ жалауын бетке ұстап, агрессияшы державалардың (Корей жөніндегі басқыншылық жоспарларын бүркемелеуге ғана әрекет жасалуда. Бас Ассамблеяның осы заңсыз қарарын жүзеге асыруды талап еткенде, Корейда үш жылға созылған соғыс кезінде күшінен жете алмаған мақсатқа кәзіргі желісөздердің барысында жетуге әрекет жасалуда.

І.

де АҚШ сыртқы істер министрінің қолы қойылған Москва кеңесінің қарарымен АҚШ санаспай қойды. Корей мәселесінің, соғыс зардаптарымен тікелей байланысты мәселе болғандықтан, Біріккен Ұлттар Ұйымының қарауына жатпайтындығымен, мұның өзі БҰҰ Уставының 107-статьясынан тура туып отырғандығымен санаспай қойды.

1947—1949 жылдардың ішінде БҰҰ-дағы американдық делегаттары осы халықаралық ұйымды өз мақсаттары үшін пайдалануға барынша тырысып бақты. Корей мәселесін Біріккен Ұлттар Ұйымында талқылаудың заңсыз екендігін көрсеткен Совет Одағының және бір қатар басқа мемлекеттердің наразылықтарына қарамастан, АҚШ Корей туралы мәселе қарауды Бас Ассамблеяға еріксіз тапты. АҚШ-тың корей істеріне заңсыз араласуы үшін БҰҰ-жалауын пайдаланудың бірінші кезеңі міне осылай басталды.

Соның өзінде істің жайы екі түрлі шараға келіп тірелді, бұл шараларға жол беруге болмайтындығы өзінен-өзі айқын. Бас Ассамблеяның қарары бойынша құрылған Корей жөніндегі комиссия Оңтүстік Корейда Ли Сын Ман тобының антидемократиялық, сатылғыш, террорлық тәртібі орын алып отырғанын атап көрсетті.

ұйымдастырылуын қамтамасыз етті. Бригада басындағы көрнекі үгіт: ұрандар, плакаттар және «Жауынгерлік листоктар», көрсеткіш тақталары егіншілерді қажырлы еңбекке жұмылдыру мақсатына қызмет етеді. Үгітшілер Слуцкий, Камнева, Макухин және басқалары трактор және егіс бригадаларының мүшелерімен күн сайын саяси тақырыптарда әңгімелер өткізіп, дауыстап газет оқыйды.

Үгітшілер өздерінің әңгімелерін механизаторлар мен колхозшылардың өндірістік міндеттерімен тығыз ұштастырып, еңбек озаттарының жұмыс тәжірибелерін насихаттайды, кемшіліктерді батыл сынаға алады. Мұнда социалистік жарыстың барысына үнемі қорытынды жасалып, еңбекте жоғары көрсеткіштерге ие болған трактор агрегаттары мен жеке тракторшыларға арнаулы қызыл жалаулар мен вымпелдер тапсыру ұйымдастыры-

Егіс бригадасы тракторларға қажетті жанар және жағар майларын, су тасу жұмыстарын мұқият ұйымдастырды. Село активтерінің күшімен дала жұмыстарының барысына тәулік бойы бақылау ұйымдастырылды. Рылин колхозда 4-5 күн болды.

Тағы бір мысал, Полудень МТС-нің № 3 трактор бригадасы Сталин атындағы колхозда дала жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап күндік тапсырмаларын үнемі артығымен орындап келеді. Мұнда жұмыс нормасын орындамайтын бірде-бір механизатор жоқ. Бригадир Казанцев жолдас механизаторлардың алғашқы табысына төкмейісіп, еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі талапты бәсеңдеткен. Аудандық комитеттің штаттағы насихатшысы Востриков жолдас бригаданда болғанда бұл кемшіліктерге төзе алмады. Ол тракторшы Иванцев

Агрономдар ауыл шаруашылығындағы негізгі тұлға. Алайда, бірқатар агрономдар өздерінің төл ісінен тыс қалып келе жатқанын баса көрсету қажет. «Красный Октябрь» колхозында жұмыс істейтін агроном Жидовленко жолдас дала жұмыстары басталғалы егіншілермен бірде-бір рет әңгіме өткізген емес. Мұның үстіне ол егіс жұмыстарының сапасын бақыламайды. Сондықтан колхозда өткен жылы жыртылған 60 гектар тың жер осы күнге дейін өңделмей 500 гектардан астам өңделген жерге тұқым себілмей, ылғалдың кемуіне жол беріліп отыр.

Қазір таяудағы екі-үш күнде дәнді дақылдардың егісін аяқтау, картопты, жүгеріні, күнбағысты шаршы-ұялы әдіспен отырғызу міндеті тұр. Бұл міндеттің ойдағыдай орындалуы бұқара арасындағы ұйымдастыру және саяси жұмыстың дәрежесін онан әрі арттыруды талап етеді.

үлкен күңгірт шыны шар оның «дәні» болып саналады. Кешке, от жанған кезде, көрмеге келушілер алыс айналасында нұрлы жарығын сеуіп тұрған осы «масақтар» майданының жанынан өтетін болады.

Аллеяның бітер жерінде көрменің бас павильонының — үлкен үш қабатты үйінің үстінен 97 метрлік биіктікке көтерілген арнаулы сырықтың ұшы күн сәулесімен алтындай жалтылдап көрінеді. Павильонның сыртқы қабырғаларының ағаштары әлі түсірілмеген, алайда бұл құрылыстың архитектурасының көркем екендігі жөнінде кәзірдің өзінде-ақ болжауға болады. Оның негізгі кірер жерінде тулармен тұстас Совет Одағының гербі және 16 одақтас республикалардың гербтері қойылған.

Әрбір павильон өзінше ерекше де, әдемі де, Қазақ ССР-нің павильоны өзінің шыны күмбезін жоғары көтерген: оның қабырғаларынан айырықша көрінетін барельефтер социалистік ауыл шаруашылығының табыстары туралы айтады. «Поволжье» павильоны — келушілер оның алдында түрлі түсті шыныдан жасалған СССР-ның еуропалық бөлегінің коммунизмнің ұлы құрылыстары бар картасын көретін, үлкен үй. Ұлттық мәнермен кестеленген гүлдер Белорус ССР павильоны колоннасының бірінші қатарын жапқан; гүлден жасалған скульптуралық бума бұл тамаша павильонның алдында екінші қатардың колонналарын көмкеріп тұр. Жабдықтауында батырлық тақырып — орыс және украин халықтарының, СССР-ның барлық халықтарының ұлттық мерекесі Украинаның Россияға қайта қосылуы бейнелеу тапқан Украин ССР-нің павильоны көрушілердің алдында ашылған қымбат қазналы сандықтай болып дәл, айқын көрінеді.

...Орталық алаңда екі фонтан салынады.

Бас павильонның алдында орналасқан бұлардың біреуі «Халықтар достығы» деп аталады. Ол құрамында архитектор Топуридзе, скульпторлар Чайков, Баженова және Тенет бар творчестволық топтың басшылығымен салынып жатыр. Фонтан-

600 ЕҢБЕККҮН ТАПТЫ

Ленин ауданындағы «Бұлақ» колхозының мүшесі М. Қойлыбаев жолдас колхоз ұйымдасқаннан бері осы артельде жұмыс істеп келеді. Қазір ол 70 жаста. Бірақ, Қойлыбаев жолдас жасының ұлғайғанына қарамастан әлі де болса социалистік ауыл шаруашылығын өркендету ісіне өзінің қажырлы еңбегімен келелі үлес қосып жүр. Өткен ауылшаруашылық жылында карт колхозшы 600 еңбеккүн тапты.

Б. ЖАҚИН.

АВАНСҚА АҚША БЕРІЛДІ

Бұлаев ауданындағы «Победа» колхозы үстемдіздей жылы мал шаруашылығынан едәуір кіріс тапты. Сөйтіп, мал шаруашылығынан түскен кірістің 25 процентін колхозшыларға аванс ретінде бөліп берді.

Ж. УТИН.

ның көлемін кәзірдің өзінде білуге болады; оның болашақ бассейндерінде жұмыс істеуші тасшылар мен бетоншылар орталығына орналасқан 16 ұлт костюмін киген колхозшы әйелдердің скульптуралық мүсіндерімен салыстырғанда тым кіші сыяқты. Ал, көрме ашылған кезде бұл фонтан өзіне көптің назарын аударады: бірін — бірі кесіп өтетін тасқындарының жаппай иілуі оның үстінен көтеріледі — ол 12-ден 30 метрге дейінгі биіктікте 1.700 ағын жібереді.

Екінші фонтан Украин ССР-нің павильонына жақын орналасқан. Ол уралдық жазушы Бажовтың ертегілерінің желісі бойынша жасалып, «Тас гүл» деп аталады.

Көрменің барлық жерлерінде зор желісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қоғамдық мал шаруашылығының табыстары көрсетілетін орындар — павильондар мен фермалардың құрылысы мен жабдықталуы аяқталуда. Келушілер одан ірі қарамалдың қырық тұқымы мен тұқымдық тобынан 720 бас малды, жетпіс тұқымнан 850-ге жуық қой мен ешкіні, жыйырма бес тұқымнан және тұқымдық топтан 300-ден астам бас шошқаны, отыз алты тұқымнан 150 бас жылқы мен түйені, қырық үш тұқымнан 10 мыңға жуық құсты көретін болады.

Көрменің ашылуына балық, тоған шаруашылығы, қоян, аң фермалары және басқа фермалар да әзірленуде. Табиғатты ұлы өзгертуші Н. В. Мичуриннің және оның шәкірттері — совет селекционерлерінің жұмыс әдістерінің әйгілі көрсеткіштері болып табылатын жеміс бақшаларында жүздеген адамдар еңбек етуде. Көрме ашылатын күні бақпашылар жеміс-жидек дақылдарының 500-ден аса сортын, 17 мыңнан аса дана әртүрлі өсімдіктердің сортын көрсетеді.

Көрмеге қатысушылар мейлінше көп нәрселерді көреді. Бұған бүгінгің өзінде оның жекелеген павильондарын көріп-ақ сену қиын емес.

М. КЕЛЧЕВСКИЙ,

Москва, май 1954 жыл.

Бүгін Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

І

Салынып жатқан Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің территориясына келе жатқандардың алдынан едәуір уақыт бұрын Мухинаның күмістен құйылатын «Жұмысшы мен колхозшы әйел» деген атақты скульптурасы пайда болады, оның қарсысында бұрын көріп білмеген көлемді жұмыстардың панорамасы ашылады.

Жапырақ шаша бастаған ағаштар мен бұталардың шексіз алқабы үстінен биік көтеріліп қалған дүние жүзіндегі аса ұлы қала-бақшаның, тамаша сарайлар қаласы құрылысы салынып жатыр. Тұрақты Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің ашылуы совет халқының өміріндегі елеуді оқығалы болып табылады. Социалистік далада, лабораторияларда және ғылыми зерттеу участоктері мен тәжірибе мекемелерінде туған барлық жаңаның, озаттың бәрі, ауыл шаруашылығы ғалымдары мен практиктерінің түгелдей халық шаруашылықтық маңызы бар еңбектері — осының барлығы миллиондаған адамдардың көруіне қойылатын болады. Көрме партияның XIX съезінің, СОКП Орталық Комитетінің еліміздің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің кең программасын жасап берген сентябрь және февраль-март Пленумдарының тарихи қарарларын колхоздардың, совхоздардың, машина-трактор станцияларының қалай жүзеге асырып жатқандығының тамаша сыпаттамасы болып табылады. Ол бітік егін өсіру және мал шаруашылығының жоғары өнімділігі жолындағы мыңдаған таңдаулы күрескерлер ие болған озат тәжірибені көптің игілігі етуге көмектеседі.

...Көрменің негізгі кірер жері. Бедерлі суреттермен, басынан асыра алтын бидай бауын көтерген тракторшы және колхозшы әйел скульптураларымен ән-көйленген үлкен сәулетті арқа. Шамамен жүз күннен кейін оның биік күмбезінің

астынан мыңдаған адам өтетін болады. Қатысушылар және бұдан да басқа бес жерден — Солтүстік, Оңтүстік Хованск, Дзержинский атындағы парктегі, СССР Ғылым Академиясының Бас ботаника бақшасындағы қақпалардан келіп кіре алады.

Мұнда қазір болып жатқан істердің зор көлемділігі туралы көрменің ашылар алдындағы негізгі жабдықтау жұмыстарының өрістете жүргізілуінің өзінен ғана түсінуге болады. Оның 76 павильонында (231 арнаулы және қосымша орындарды есептемегенде) 350 зал жабдықталып жатыр. Үш жүзге жуық ірі монументалдық әсем сурет шығармалары жасалады. Үш жарым мыңнан аса стендтер жасалуда, 40 диарамалар мен панорамдар дайындалуда. Көптеген көрсету механизмдері — проекциялық аппаратуралары, магнитофондары, электрлендірілген карталары және тағы басқаларын орнату ісі жүргізілуде.

...Басқы кіреберістің көп адам кіретін қақпасынан өтіп, біз асфальтпен жабылған кең алаңға шығамыз. Оның өң бойында жеміс ағаштары мен көрікті бұталар алқабы созылып жатыр, он төрт фонтан орнатылған. Алайда, соғысқа дейінгіден орасан едәуір үлкен жерді — 207 гектарды алып жатқан көрменің әрбір бұрышында жұмыс қыза түсуде. Бақпашылар ағаштардың ұштарын кесуде, бастарына әр түсті орамал тартқан бір топ әйелдер болашақ газондарды жабдықтауда. Жүк машинасына орнатылған дран екі сырлаушысы бар металл платформаны көтереді. Аллеяның екі жағынан орнатылған бағаналарға машина кезекпен келеді, ал, платформада жұмыс істеуші екі адам бұл металл бағаналарды ақшыл сырмен бояйды. Жарық беруші бағаналар — өте айырықша конструкциямен жасалған. Олардың әрбірі металл шапшаңтары таралған алып масақ түрінде жасалған. Ішінде екі электр шамы бар

он Совет Армиясы Манчжурия территориясында талқандаған жапон әскерлерінің тізе бүгуді қабылдауға, сөйтіп, бұған дейін 40 жыл бойы дерлік созылған жапон оккупациясынан (корей халқын құтқаруға көмектесуге міндетті) болды. Әріне, осындай жағдайдың нәтижесінде Солтүстік және Оңтүстік Кореяны біртұтас демократиялық мемлекетке біріктіру шарттары туралы мәселенің ерекше маңызы болды.

Кореяны біріктіру туралы мәселе АҚШ, Англия және СССР сыртқы істер министрлерінің 1945 жылғы декабрьде болған Москва кеңесінің жүйде-ақ туған. Сол кезде АҚШ үкметі тапсырған Корея жөніндегі жоспар АҚШ үкметінің тәуелсіз корей мемлекетін қалпына келтіру туралы мәселе қоймайтынын бірден-ақ көрсеткен болатын. АҚШ тарапынан Кореяға төрт мемлекеттің (АҚШ, Англия, Қытай және СССР) 5—10 ықылға қамқорлығын орнату ұсынылып, бүкіл Кореяны басқару үшін өзінің ерекше органын құру осы мемлекеттерге ұсынылған болатын. Бұл жоспарды Совет Одағы қабылдамай тастаған.

ССРО-ның талап етуімен Москва кеңесінде 1945 жылғы 27 декабрьде мынадай негізгі қарар қабылданған еді:

«Кореяны тәуелсіз мемлекет ретінде қалпына келтіру, елді демократиялық негіздерде өркендетуге жағдайлар тудыру және ұзаққа созылған жапон үстемдігінің апатты зардаптарын шегуірлым тез жою мақсатымен, Кореяда Кореяның Уақытша Демократиялық Үкметі құрылады, бұл үкмет Кореяның өнеркәсібін, транспортты және ауыл шаруашылығын корей халқының ұлттық мәдениетін өркендету үшін қажетті шаралардың бәрін қолданады».

Қытай үкметі де қосылған Москва кеңесінің қарарын іс жүзіне асыру үшін бірлескен совет-американ комиссиясы құрылып, бұл комиссияға Кореядағы совет және американ әскерлері командованиясінің өкілдері кірген болатын.

Кореяның Уақытша Демократиялық Үкметін құру туралы шешісінде өзінің қолын қоя тұрса да, АҚШ үкметі бұл қарарды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жолға түспеді. Бірлескен совет-американ комиссиясы 1946 және 1947 жылдар ішінде осы мәселені қарау үшін Сеулде бірнеше рет бас қосты. Бірақ келісімге қол жетпеді. Іс жүзінде американ өкілдері бірлескен комиссиямен ақылдасуда Солтүстік және Оңтүстік Кореяның демократияшыл ұйымдарының ролін жоққа шығаруға тырысты.

Олар Оңтүстік Кореяның территориясында халықтан қол үзген және халықтың демократиялық талаптарын басып-түншықтыруды көздеген шағын реакцияшыл топтарға сүйенді. Бұл топтар Кореяның Уақытша Демократиялық Үкметін құру туралы қандай да болса қарар қабылдауға жедергі келтіру үшін пайдаланылды. Американ өкілдері ұстаған позицияның салдарынан бірлескен совет-американ комиссиясы Кореяның Уақытша Демократиялық Үкметін құру туралы мәселе жөнінде ешқандай қарар қабылдай алмады.

Осы кезден бастап АҚШ үкметі Кореядағы істің жайын өзіне қолайлы бағытпен дамыту үшін БҰҰ жалауын пайдалануға әрекет жасай бастады. Соның өзін-

іс жүзінде мәжбүр болды. Бірақ бұл комиссия, сонымен бірге, осы халыққа қарсы тәртіптің қамқоршысы ролін атқарды. Істің жайы тіпті мынаған дейін барды: БҰҰ-ның корей комиссиясы Оңтүстік Кореяда көз бояу үшін өткізілген «парламент сайлауында» тіпті бақылаушының ролін атқарды, ал оның бер жағында бұл сайлау корей халқына, оның праволарына, демократизмнің қарапайым нормаларына сақалған тұтас полицейлік озбырлық болды. Екінші жағынан, бұл комиссия өзінің әрекетін Солтүстік Кореяға таратуға да тырысты. Мұның өзі Оңтүстік Кореядағы халыққа қарсы тәртіпті бүкіл Кореяға таратуға тырысқан әрекет болды. Бірақ осы сыяқты әрекеттердің бәріне де Солтүстік Корея халқының тарапынан және Корей Халық Демократиялық Республикасы үкметінің тарапынан батыл тойтарыс берілді.

Солтүстік Кореяның ішкі істеріне араласудың БҰҰ тарапынан жасалған осы әрекеттерімен қатар Ли Сын Ман Солтүстік Кореяға қарсы соғыс бастаймын деп ашықтан-ашық қыр көрсетуге көшті. Мысалы, 1949 жылғы сентябрьде Ли Сын Ман американ профессоры Оливердің атына жазған хатында былай деді: «кәзір агрессиялық шаралар қолданып, солтүстіктегі коммунистік армияның, бізге тілсіз бөлегімен қосылуда, осы армияның қалған бөлегін құруға керекті шегуірлым қолайлы психологиялық шеңбер туып отыр». 1949 жылғы 30 декабрьде Ли Сын Ман жаңа жылда (яғни 1950 жылы) Солтүстік Кореяны басып алуды өзіне мақсат етіп қойғанын ашықтан-ашық мәлімдеді. Сол кезде ол: «жаңа жылда халықаралық жағдайдың өзгеруімен байланысты біз Оңтүстік және Солтүстік Кореяны өз күштерімізбен біріктіруге тиіспіз» деп мәлімдеген болатын. Міне, лисынмандықтар Америка Құрама Штаттарының қамқорлығымен әрекет жасай отырып, Кореядағы соғысты осылай әзірлеген болатын.

Кореяға сырттан таңылған соғыс 1950 жылғы июньде басталды. Бұл соғыс Америка Құрама Штаттары тарапынан үш жылға созылған соғыс интервенциясына айналды. Соның өзінде бұл соғысты Біріккен Ұлттар Ұйымының жалауымен бүркемелеу үшін барлық амалдар істелді.

Міне осы кезден бастап АҚШ-тың корей істеріне немесе, дәлірек айтқанда, корей соғысына заңсыз, соның өзінде ашықтан-ашық агрессиялықпен араласуы үшін БҰҰ жалауын пайдаланудың екінші кезеңі басталды.

Ал, істің ақиқат жайы мынадай фактілерден айқын көрінеді.

1950 жылғы 27 июньде президент Труман американ қарулы күштерінің Солтүстік Кореяға қарсы соғысқа кіруіне өзінің бұйрық бергенін жариялады. Мұның үстіне, Қызыр Шығыста орналасқан американдық флотына «Формозага» (Тайваньға) шабуыл жасалуына жол бермеуге» бұйрық берілді, мұның өзі Қытайдың Тайвань аралық іс жүзінде оккупациялан алғандық болды. Мұның өзі АҚШ үкметінің агрессия әзірлеу саясатынан агрессияның тікелей әрекеттеріне кірісіп, Корея мен Қытайдың істеріне ашықтан-ашық араласу жолына түскендігі болды.

(Соңы 4-бетте).

ТАҒЫДА КОРЕЙ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

В. М. МОЛОТОВТЫҢ Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесінде 1954 жылғы 11 майда жасаған мәлімдемесінің соңы

(Басы 3-бетте).

Кореяда американ агрессиясын бастаған президент Трумэннің осы бұйрығынан кейін ғана, 27 июльде Хауіңсіздік Советі жыйналып, ол Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің осы соғысқа қатысуы туралы өзінің ұсыныстарын жасады, мұның өзі оңтүстік корейлік тәртіпке көмек көрсету деп елестетілді. Хауіңсіздік Советінің 27 июльдегі қарары және оның алдындағы 25 июльдегі қарары, сондай-ақ Хауіңсіздік Советінің 1950 жылғы июль айының ішінде қабылдаған қарарлары Біріккен Ұлттар Ұйымының Уставын өрескел бұзғандық болды, сондықтан бұл қарарлар заңсыз болды. Бұл қарарлардың заңды күші бола алмады, өйткені бұл қарарларды қабылдаған кезде Хауіңсіздік Советінің екі тұрақты мүшесінің Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының өкілдері болған жоқ. Ал, оның бер жағында, БҰҰ Уставы бойынша, Хауіңсіздік Советінің қарарларын Хауіңсіздік Советі мүшелерінің көпшілігі қақтаған күнде ғана және бұл көпшілікке Хауіңсіздік Советінің тұрақты бес мүшесінің бәрі түгел кіргенде ғана, бұл қарарлардың соғыс және бейбітшілік мәселелерінде заңды күші болады. Міне бұл жағдайда Хауіңсіздік Советінде Қытай өкілінің болмағандығының ерекше маңызы бар, өйткені оның мүдделеріне Кореядағы соғыстың тікелей зардабы тиді. Жоғарыда көрсетілген қарарларға гоминдандық өкілдің қатысуы бұл қарарлардың заңсыз екендігін тағыда атап көрсетеді.

Осында бірқатар мемлекеттердің корей соғысына қатысқанын ақтау үшін Хауіңсіздік Советінің осы қарарлары сылтау етілді. Бірақ Хауіңсіздік Советінің бұл заңсыз қарарларын Біріккен Ұлттар Ұйымының қарарлары деп санауға болмайды. Сондықтан бірқатар мемлекеттердің корей соғысына қатысуы тек Біріккен Ұлттар Ұйымының жалауымен ғана бүркемеленіп отыр, Хауіңсіздік Советі мұны БҰҰ Уставын бұзу арқылы істеді, өйткені агрессияшы американ топтары осындай бүркемелерге мұқтаж болды.

Бұдан кейінгі уақытта АҚШ-тың ресми адамдары тарапынан көптеген мәлімдемелер жасалып, бұл мәлімдемелерде АҚШ-тың корей соғысына қатысуының шын себептері ашық көрсетілді. Мысалы, белгілі американ генералы Ван Флит 1952 жылғы январьда ашықтан-ашық былай деп мәлімдеді: «Не осында, немесе дүние жүзінің басқа бір бөлігінде белгілі бір Корей болуға тиіс еді». Ол АҚШ-тың бұл соғысқа қатысуын мынадай жағдаймен ақтады: Кореядағы соғыс басқаша жағдай тұдырып, осындай жағдайда «біздің заводтарымыз көзгігі уақытта қару-жарақты барған сайын өсетін мөлшерде тағыда өндіруде». Кореядағы соғыстың жанталас қарулану саясатын жүргізуге көмектескені мүлде айқын, ал мұның өзі АҚШ-тың агрессияшы топтарына қатты ұнады.

Америка Құрама Штаттары, Англия, Франция, Бельгия, Голландия, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Африка Одағы, Түркия, Колумбия, Греция, Люксембург, Таиланд, Филиппины, Эфиопия бар. Осы елдерді санап етудің өзі жоғарыда көрсетілген соғысқа қатысушылардың көпшілігі отарлары бар немес отарлық тәртіпті сақтауға мүдделі мемлекеттердің қатарына жататындығын көрсетеді. Азия елдерінің бұл соғысқа мүлде дерлік қатыспағаны тегін емес. Мысалы, Британия Бірлестігіне кіретін азиялық мемлекеттердің бірде-бірінің соғысқа қатысқысы келмеді. Ал дегенмен осы соғысқа қатысқан Азияның жеке елдеріне жететін болсақ, бұған өз қиындықтарында әлі күнге дейін тәуелсіздік пен дербестік минимумымен пайдаланбайтын немесе басты агрессиялық мемлекеттерге кіріптарықпен тәуелді болып отырған елдердің жататындығын көру қиын емес.

Солтүстік Кореяның территориясына басып кірген әскерлердің тек Біріккен Ұлттар Ұйымының атын ғана бетке ұстаған нағыз фактілер көрсетіп отыр. Ал іс жүзінде Солтүстік Кореяға қарсы соғысқа қатысқан шетелдік әскерлердің, ең болмағанда, оннан тоғыз АҚШ әскерлері болған. Қаған 15 мемлекеттің бәрі корей соғысына қатысқан шетелдік қарулы күштердің көп дегенде оннан бірі ғана берген. Бұлардың қатысуы тек Кореядағы американ агрессиясына бүркемеші қана болған. Бұдан соғыстың өте қатал, тағылық және адамгершілікке жатпайтын сыйпатта жүргізілгені үшін басты жауапкершіліктің кімге жүктелетіні де айқын көрінеді, ал соғыс жүргізудің осындай әдістері жайында тиісті кезінде соншалық көп фактілер келтірілген болатын. Бірақ бұл корей авантюрасына қатысқан басқа мемлекеттердің жауапкершілігін жемітпейді.

Кореяда уақытша бітім жасалғаннан кейінгі кезге қатысы бар фактілерге де сөкпай өтуге болмайды. Жұртқа мәлім, уақытша бітім жасалғаннан кейін іле-шала АҚШ пен Оңтүстік Корея арасында соғыс договорын жасау туралы келіссөздер басталған болатын. Бұл договорға 1953 жылғы 1 октябрьде «АҚШ пен Корей Республикасы арасындағы өзара қорғаныс туралы договор» деген атпен қол қойылды. Бірақ осы соғыс келісімінің мәні Оңтүстік Корея мен Америка Құрама Штаттарының «өзара қорғаныс» дақтамасын етуде емес, тіпті мүлде басқада болып отырғаны кімге болса да түсінікті. Американ агрессияшы топтары Солтүстік Кореяға, сондай-ақ Қытай Халық Республикасына бұдан былай да хауің төндіру үшін осы келісім арқылы өздеріне тағы бір соғыс тірегі қамтамасыз етуді көздеуде. Бұл договор көзгігі Оңтүстік және Солтүстік Кореяны біріктіру жолындағы басты кедергілердің бірі болып табылады.

Оңтүстік Кореямен «өзара қорғаныс туралы» договор жасасын, АҚШ ендігі

рардың заңсыз екенін мен бұған дейін-ақ көрсетіп өткенмін.

Бас Ассамблеяның 1950 жылғы 7 октябрдегі қарары бойынша өзінің көпшілігі Кореядағы американ агрессиясына қатысушылар болып табылатын мемлекеттердің өкілдерінен БҰҰ-ның жаңа комиссиясы құрылған болатын. Мұның өзі мынадан-ақ айқын көрінеді: комиссияның 7 мүшесінің құрамына мынадай 5 мемлекет: Австралия, Голландия, Түркия, Таиланд және Филиппины кіріп отыр, ал бұлардың әскерлері американ әскерлерімен бірге Солтүстік Кореяның территориясына басып кірген болатын. «Сайлау атқизуды» қоса алғанда, «бүкіл Кореяда орнықты жағдайды қамтамасыз ету үшін тиісті қадамдар жасау» дәл осы комиссияға тапсырылған. Бас Ассамблеяның бұл қарарында тура былай деп көрсетілген: бұл комиссия Оңтүстік Кореядағы, сондай-ақ Солтүстік Кореядағы «Біріккен Ұлттардың қарулы күштеріне» сүйенетін болады. Осында шығып сөйлеген делегаттардың көпшілігі орындауын талап еткен Бас Ассамблеяның бұл қарарының мәні —соғыс оккупациясын жүргізу жолымен Оңтүстік Кореядағы лисынмандық тәртіпті бүкіл Кореяға қабылдатуа болып отыр.

Мұны қарулы күш жұмсау жолымен, үш жылға созылған агрессиялық соғыс жүргізу жолымен қабылдата алмағаны жұртқа мәлім. Ал осыдан кейін корей халқына күннен қабылдата алмаған нәрсені Женевадағы келіссөздерде қабылдатымыз деп үміттенуге болмайтындығы түсінікті емес пе екен? Ең болмағанда корей проблемасын Женева кеңесінде талқылаудың өзі мұны түсінбейміз дейтіндердің көзін жеткізуге тиіс еді.

Бірақ Женева кеңесінде Кореяның бірлігін қалпына келтірудің және бүкіл корей мәселесін бейбітшілікпен реттеудің басқа жоспары да ұсынылды. Бұл жоспарды Корей Халық-Демократиялық Республикасы ұсынды.

Корей Халық-Демократиялық Республикасы ұсыныстарының мәні неде?

Совет делегациясы КХДР жобасының басты жақтарына Женева кеңесінде назарын аударуды қажет деп санайды, бұл жоба негізгі үш ұсынысты жүзеге асыруды көздейді.

Біріншіден, Бұл жоба бүкіл Корея халқының өз тілегін еркін білдіруі жағдайында жалпыкорейлік сайлау өткізу қажеттігін көздейді. Жобада былай деп көрсетілген: бұл міндетті Солтүстік және Оңтүстік Корея арасында келісім жасау жолымен корейлердің өздері шешуге тиіс, бұл үшін Кореяның екі бөлігінің өкілдерінен тиісті жалпыкорейлік комиссия құрылуға тиіс.

Екіншіден, КХДР жобасы барлық шетелдік әскерлерді белгілі мерзімде Кореядан әкетуді көздейді. Жобада барлық шетелдік әскерлерді алты ай мерзім ішінде Кореядан әкету туралы ұсыныс жасал-

ның өзін мойындамау деген сөз, сөйтіп, бір жақты өктемдігін екінші жаққа қабылдауға үмітсіз әрекеттер жасау жолына түсу деген сөз.

Корей Халық-Демократиялық Республикасының халқы өзінің демократиялық жеңістерін қорғай отырып, қаһармандық күрес жүргізді және орасан зор құрбандыққа ұшырады. Корей Халық-Демократиялық Республикасын өз праволары мен демократиялық жеңістерінен бастартуға күннен көндіруге болады дегенге кім сенсе алады. Әрине, егер Солтүстік Корея көзгігі оңтүстіккорейлік тәртіпке бағынған болса, ол бұған сөзсіз көнген болар еді.

Корей Халық-Демократиялық Республикасының шетелдік агрессияға және оңтүстіккорейлік тәртіпке қарсы осындай жанқиярлық күрес жүргізе алғандығының себебі неде?

Мұның маңызды негіздері бар.

Жұртқа мәлім, Корея халқының негізгі бұқарасы шаруалар болып табылады. Кореяны жапон отаршыларының тепкісінен азат еткеннен кейін іле-шала елдің солтүстігіндегі корей шаруаларының алдында тұрмысты жақсартудың, олардың материалдық және мәдени тұрмыс жағдайын жақсартудың бұрын болмай келген мүмкіндіктері ашылды. Бұрынғы жапон помещиктері мен олардың сол кездегі корейлік малайларының иемденген жері Солтүстік Корея шаруаларының қолына көшті. 700 мыңнан аса жерсіз және жері аз шаруалар шаруашылықтары бұрын шаруаларды езіп, күйзелтіп келген жапон отаршылары мен олардың итарылары иемденген бір миллион гектардан аса жерді тегін алды. Корей Халық-Демократиялық Республикасының конституциясы Солтүстік Корея шаруаларының осы маңызды демократиялық жеңісін баянды етті.

Оңтүстік Кореяның шаруалары мүлде басқа жағдайда қалды. Жапон оккупациясы кезінде Оңтүстік Кореядағы жердің 40 процентін жапон басқыншылары иемденгені тіпті БҰҰ-ның корей комиссиясының мәліметтерінен мәлім болып отыр. Басқа бір мәліметтер бойынша, жапон басқыншылары Кореядағы жердің едәуір бөлегін —барлық жердің үштен екісіне дейін иемденген. Бірақ, жапон милитаристерін қуып шыққаннан кейінде де Оңтүстік Кореядағы бұл жер бұрын өзінің көпшілігі жапон малайлары болған билеуші топтардың қолына көшкен. Шаруалар, егер Оңтүстік Кореяның ұсақ және орташа шаруаларының негізгі бұқарасы туралы айтатын болсақ, тіпті жапон оккупанттарын қуып шыққаннан кейінде де бұрынғысынан нашар жағдайда қалған. Сондықтан Солтүстік Корея шаруаларының мұндай тәртіптердің Кореяның оңтүстік бөлігінен солтүстік бөлігіне таралуын тілемегенін түсіну қиын емес.

Солтүстік Кореяда халықтың демокра-

Ким Сон Судың сөзі сыяқты фактілерді ұмыта алмайды. Ал Ким Сон Су президент Ли Сын Ман мен оның үкметін басып алды, ұлттық жыйналысқа полицейлік озбырлық жасады деп айыптай, қызметінен түскен кезде, 1952 жылғы 30 майда былай деп мәлімдеген болатын: «Ли Сын Манның бюрократтық, диктаторлық және сатылғыш үкметінің тізімінде өз фамилиямды көру масқара ұят». Оңтүстік Кореядағы лисынмандық тәртіп — халыққа қарсы, террорлық және сатылғыш тәртіп деген Ким Сон Судың жоғарыда келтірілген мәлімдемесін, сонымен қатар Оңтүстік Кореяның бұрынғы басқа бір вице-президенті Ли Си Еннің мәлімдемесі мен басқа да көп адам-

дардың мәлімдемесін растайтын көптеген фактілерді БҰҰ-ның Корея жөніндегі әртүрлі комиссияларының баяндамаларынан және әртүрлі елдердің коммунистік емес баспасөзінің сан алуан хабарларынан келтіруге болар еді. Міне, демократиялық реформалардың, ұлттық мәдениетті өркендетудің, халық бостандығы игілігінің не екенін білетін Солтүстік Кореяның халқына осы жартылай фашистік тәртіпті қабылдапнақ болады! Мұндай жоспарларды жүзеге асыруға болмайтындығы және мұндай жоспарларды бейбітшілік пен демократияны шын ниетімен жақтаушылардың бәрі батыл айыптауға тиіс екендігі мүлде айқын.

III.

Корей мәселесі және Азия халықтары

Женева кеңесінде корей мәселесінің талқылануына халықтар назар аударып отыр. Мұны, ең алдымен, Азияның халықтары туралы айту керек.

Тіпті таяудағы уақытқа дейін Кореяның жапон оккупанттарының отарлық езгісінде болғаны, мұның өзі 40 жыл дерлік уақытқа созылғаны рас. Бірақ ендігі жерде Кореяны отарларды басқарып, отарлық тәртіптер орнатуға дағдыланған шетелдік мемлекеттердің саясатын жүргізетін объекті деп санауға болмайтынды да рас. Корей халқы, Азияның көптеген басқа халықтары сыяқты, демократиялық өркендеудің кең жолына түсті. Тек Азияда болған тарихи өзгерістерді түсіне алмайтын адамдар ғана Солтүстік Кореяның халықтық демократиялық құрылысын сырттан әлде бім таныпты-мыс деп ойлап, осы жаңа қоғамдық-саяси құрылыстың корей халқының белсене қолдауына сүйеніп отырғанын көрмейді. Мұның өзі мынадан-ақ айқын көрінеді: Солтүстік Кореяда жаңа, қоғамдық құрылыс орнатуда демократ корейлерге көмектесіп отырғандар корей халқының қалың топтары арасында зор сүйіспеншілік пен мызғымас сенімге ие болуда. Ал Оңтүстік Кореядағы жағдай мүлде басқаша, мұнда халыққа қарсы, әбден іріп-шіріген сатылғыш лисынмандық тәртіп шетелдік ыштықтерді өзінің басты тірегі деп санап отыр. Бұл тәртіптің Оңтүстік Кореяда шетелдік әскерлердің көбірек тұруын көздеп отырғаны түсінікті. Бұл тәртіптің шетелдік әскерлерді Кореядан әкетуді тездету мақсатын көздейтін ұсыныстарға қарсы екені де түсінікті.

Корей мәселесін бейбітшілік пен демократия орнату рухында шешудің ендігі жерде, бәрінен бұрын, Америка Құрама Штаттарының позициясына байланысты екенін жұрттың бәрі көріп отыр. Егер Америка Құрама Штаттарының корей мәселесіндегі саясаты Азия елдеріндегі пісуі жеткен демократиялық реформаларды мүлде түсінбейтін кейбір генералдардың соғыс жоспарларына бұдан былай да сүйенетін болса, —мұндай саясат корей

мүдделерін қорғау ісін, сайып келгенде, батыл қолға алғанына наразы адамдары аз емес елдер бар. Бірақ «күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін» саясаттың қандай болса да ендігі жерде тарихтың бағытын кейін бұра алмайтынын түсінетін мезгіл жетті. Жалпы саны бүкіл жер шарындағы халықтың жартысынан асатын Азияның халықтары жана жолмен ілгері қадам басты, сондықтан Азиядағы, тіпті Азиядан тыс жерлердегі халықтардың жаңа жолмен, шын мәнісіндегі демократиялық жолмен өркендеуіне кедергі бола алатын ешқандай күш жоқ, ешқандай өкмет жоқ. Көзгігі уақытта Оңтүстік-Шығыс Азияның халықтарына қарсы бағытталған жаңа соғыс блогін құру жоспарларының жасалып жатқанын біз, әрине, білеміз. Америка Құрама Штаттары бастаған кейбір державалардың билеуші топтары көзгігі осымен шұғылдануда. Азияның халықтарына қарсы бағытталған осы жаңа агрессиялық блок әлі түпкілікті топтастырылған жоқ. Бірақ көзгігі өзінде-ақ Сингапурда және басқа жерлерде АҚШ-тың, Англияның, Францияның, Австралияның әскери қайраткерлерінің қатысуымен генералдардың кеңестері өткізілуде. Бұл блокке Азияның кейбір тәуелді мемлекеттерінің де қатыстырылуы мүмкін. Алайда, халықаралық қалың топтарда бұл жоспарлар көзгігі өзінде-ақ теріс деп бағаланды. Мұндай соғыс жоспарлары, ең алдымен, отарлық тәртіпті қайткен күнде де қорғап, мәңгі сақтауға, ұлттық бостандық пен тәуелсіздікке ұмтылып отырған халықтарды ауыздықтауға бағытталған. Бұл жоспарлар белгілі мемлекеттердің билеуші топтарының агрессиялық ниеттерін білдіреді, бірақ мұндай ниеттер бейбітшілік мүдделеріне және езілген халықтардың ұлттық азаттығының мүдделеріне қайшы келеді.

Корей мәселесінде, сондай-ақ, халықаралық маңызы бар барлық басқа мәселелерде де Совет Одағы халықтардың бейбітшілігі мен еркін даму мүдделерін қорғап отыр. АҚШ пен кейбір басқа мем-

1950-1953 жылдардың ішінде жерде уақытша бітімге қашан қол қойылғанға дейін, Біріккен Ұлттар Ұйымы корей мәселесі жөнінде бірталай қарарлар қабылдады. 1950 жылғы августтан бастап, Совет Одағы Хауісіздік Советінің мәжілістеріне қайтадан қатыса бастаған кезден кейін Кореядағы американдық агрессиясы Хауісіздік Советінің жалауымен бүркемелеу мүмкін болмай қалды. Міне осы кезден бастап БҰҰ Бас Ассамблеясы бүркемелеу ретінде әрекет жасай бастады, мұның өзі оның халықаралық беделін едәуір дәрежеде әсіретті.

Бұл арала Хауісіздік Советі мен Бас Ассамблеяның осы қарарларының бәрі корей халқының мүдделерін еске алмай және бұл қарарларды талқылауға корей халқының өкілдерін қатыстырмай қабылданғанын да еске сала жету керек. Корей проблемасын қараған кезде Корей Халық-Демократиялық Республикасы өкілдерінің пікірі БҰҰ-да бір рет те тыңдалмағанын айтудың өзі де жеткілікті.

Солтүстік Кореяға қарсы соғысқа қатысушылардың ішінде, Оңтүстік Кореядан басқа, 16 мемлекет бар, соның ішінде:

II.

Женева кеңесінің міндеттері

Жұртқа мәлім, Кореяның уақытша бітімге Корей Халық-Демократиялық Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтерінің инициативасымен қол жетті. Бұл инициативаны Совет Одағы белсене қолдады.

Бірақ уақытша бітім жасалғаннан кейін де Біріккен Ұлттар Ұйымы, оған АҚШ пен кейбір басқа мемлекеттер тарапынан қысым жасау салдарынан, әңгіме уақытша бітім шарттарын орындауға тірелген кезде дәрменсіз болып шықты. Уақытша бітім жағдайында корей мәселесін реттеу үшін саяси конференция шақыру туралы келісімге қол жеткеніне қарамастан, БҰҰ Бас Ассамблеясы бұл конференцияны шақыруды қамтамасыз ете алмады, өйткені оның бұл мәселе жөніндегі қарарлары уақытша бітім туралы келісімнің мазмұнына сай келмеді. Ал корей және қытай соғыс тұтқындарын туган еліне еркін қайтару туралы мәселенің де уақытша бітім туралы келісімнің талап етіп отырғанындай осы уақытқа дейін шешілмегені де жұртқа мәлім. Бұл мәселе жөнінде енгізілген Қытай Халық Республикасының ұсыныстарын қабылдау тиісті халықаралық келісімдердің талаптарына сай келген болар еді.

Тек Франция, Англия, АҚШ және ССРО сыртқы істер министрлерінің 18 февральда өзінің Берлин мазмұнамасын жариялаған кеңесі ғана корей мәселесін реттеу жөніндегі осы Женева кеңесін шақыруды мүмкін етті. Совет делегациясы корей және Индо-Қытай мәселелері жөніндегі Женева кеңесінің Біріккен Ұлттар Ұйымына ешқандай қатысы жоқ деген КХР премьер-министрі Чжоу Эн-лайдың мәлімдемесіне толығымен қосылады. Бұл кеңес Біріккен Ұлттар Ұйымының шеңберінен тыс өткізіліп отыр және ол Бас Ассамблеяның қандай да болса қарарымен байланысты емес.

жерде Біріккен Ұлттар Ұйымының жалауын бетке ұстауға тырыспайтын болды. Олар бұл жалы, егер, Корея түбегінде жаңа агрессия бастау қажет деп санаған күнде өздері бұрынғыдан төрі анағұрлым еркін болатындай әрекет жасады.

Кореядағы соғысқа қатысы бар фактілерден Біріккен Ұлттар Ұйымы жөнінде қандай қорытынды жасауға болады?

Бұл қорытынды айқын.

Хауісіздік Советі мен Бас Ассамблея тарапынан жасалған бірқатар заңсыз әрекеттер салдарынан Біріккен Ұлттар Ұйымы Кореяда соғысушы жақтың халіне ұшырады. Мұнда БҰҰ жалауы іс жүзінде американдық агрессиясын бүркемелеу үшін ғана пайдаланылды. Біріккен Ұлттар Ұйымын соғысушы жаққа айналдыру бүкіл дүние жүзі халықтарының көз алдында осы халықаралық ұйымның беделін анағұрлым төмендетті. Осындай жағдайда Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің тұрапты халықаралық орган ретінде қиынды жасау мүмкіндігінен айрылды және ендігі жерде корей мәселесін шешуде объективтік міндеттерді атқара алмайды.

Женева кеңесі екі мәселе бойынша: корей мәселесін бейбітшілікпен реттеу туралы және Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселелер жөнінде шақырылып отыр. Женева кеңесінің ерекшелігі осы екі мәселені талқылауға тек бес мемлекеттің — Францияның, Англияның, АҚШ-тың КХР-дың және ССРО-ның қатысып отырғандығының даусыз фактісі болып табылады. Мұның өзі жоғарыда көрсетілген маңызды мәселелерді шешу үшін бұл мемлекет-державаның ерекше жауапты екенін көрсетеді. Женева кеңесіне келген, басқа мемлекеттер осы мәселелердің бірін ғана — не корей мәселесін, немесе Индо-Қытай мәселесін талқылауға қатысып отыр, мұның өзі олардың тиісті мәселені талқылауға қатысушының маңызын тіпті де кемітпейді. Сондықтан Францияның, Англияның, АҚШ-тың, КХР-дың және ССРО-ның делегацияларына Женева кеңесі үшін ерекше жауапкершілік жүктеліп отырған жағдаймен санаспауға тырысқан АҚШ делегациясының әрекеттерін ақтауға болмайды. Мұндай әрекеттердің дәлелсіз болатын тағы бір себебі сол, Біріккен Ұлттар Ұйымы Уставының өзі халықтардың бейбітшілігі мен хауісіздігін нығайтуға зор маңызы бар халықаралық мәселелерді шешу үшін, Хауісіздік Советінің тұрақты мүшелері ретінде, бес ұлт-державаның ерекше жауапты екенін көрсетіп отыр. Осы кеңесте бірқатар делегациялар тарапынан істі мынаған әкеліп тіреуге: Женева кеңесі Бас Ассамблеяның корей мәселесі жөнінде 1950 жылғы 7 октябрьде, Кореяда американдық агрессиясы жасалып жатқан кезде қабылданған қарарын орындау қажеттігіне сүйенуге тиісті-міс дегенге әкеліп тіреуге ұмтылып отыр. Соның өзінде Бас Ассамблеяның осы қарарының мәні неде екендігі туралы ештеңе де айтылмайды, ал бұл қа-

ған. Бірақ шетелдік әскерлерді Кореяда әкету мерзімі туралы мәселені анықтап, тиісінше күлсіу керек екенін КХДР сыртқы істер министрі Нам Ив бұған дейін-ақ айтты. Бүкіл Кореяда еркін сайлау өткізгенге дейін шетелдік әскерлерді Кореядан әкету туралы ұсыныстың әділетті екендігін дәлелдеп жатудың қажеті болмақпа екен. Шетелдік әскерлер, соның өзінде тіпті жақында ғана соғысқа қатысқан әскерлер бар тұрғанда, әрине, біріккен Кореяның демократиялық үкметін құруға тиісті жалпыкорейлік парламенттің сайлауында корей халқының өз тілегін мейлінше еркін білдіруін қамтамасыз етуге болмайды. Бұдан туатын қорытынды сол, шетелдік әскерлер жалпыкорейлік сайлаудан бұрын әкетілуге тиіс. Жалпыкорейлік сайлауды кейінге қалдырмау үшін бұл шараны жүзеге асырудың мүмкін болғанына неғұрлым қысқа мерзім белгілеу керек.

Үшіншіден, КХДР жобасы сонымен қатар Қытай Шығыста бейбітшілікті қамтамасыз етуге ерекше мүдделі болып отырған мемлекеттердің Кореяның онан әрі бейбітшілікпен өркендеуін қамтамасыз етуге өздеріне міндеттеме алуын көздейді. Мемлекеттер арасындағы мұндай келісімнің корей халқы үшін зор маңызы бар. Бұл келісім Кореяда жаңа соғыс бастаудың қандай әрекеттеріне болса да жол бермеуге тиіс. Осында кеңеске қатысушылардың бәрі Кореяның онан әрі бейбітшілікпен өркендеуін қамтамасыз етуге ұмтылатынын мәлімдеп отырғандықтан, бұл келісімге жету жолында жойылмастай кедергілер болмауға тиіс. Совет үкметі, өз тарапынан, басқа мемлекеттермен біртөсе отырып, осы міндетті орындау ісіне қатысуға және Кореяның бейбітшілікпен өркендеуін қамтамасыз ету жолында өзіне тиісті міндеттемелер алуға әзір отыр.

Сонымен, Корей Халық-Демократиялық Республикасының жобасы корей мәселесін түпкілікті реттеуге кең және айқын мүмкіндіктер ашып беріп отыр. Бұл жоба тәуелсіз корей мемлекетінің бірлігін демократиялық негіздерде қалпына келтіруді, шетелдік мемлекеттер тарапынан Кореяның ішкі істеріне жасалатын қандай да болса қысымды жоюды қамтамасыз етеді және, сонымен бірге, баянды, сенімді бейбітшілік жағдайында Кореяны біртұтас, тәуелсіз, демократиялық мемлекетке біріктіру үшін сыртқы хауісіздік жағдайын орнатады.

Кореяның ұлттық жыйналысының жалпыкорейлік сайлауын әзірлеу және өткізу үшін, Солтүстік және Оңтүстік Кореяны экономика мен мәдениет жағынан өзара жақындастыруға бағытталған шұғыл шараларды жүзеге асыру үшін жалпыкорейлік комиссия құрылсын деген КХДР ұсынысы неғұрлым көп қарсылық тудырды. Соның өзінде Солтүстік және Оңтүстік Кореяның өкілдерінен құрылатын осындай жалпыкорейлік комиссия өзіне тапсырылған мәселелерді екіжақты тілектерін көздіңіре отырып шешетін болсын деген ұсынысы талас тудырды. Бірақ мұндай келісудің қажеттігін мойындамау, — Солтүстік және Оңтүстік Кореяның демократиялық негіздерде біріктіру мүмкіндігі-

тиялық құрылыстың орнауы бұрынғы жағдайда жапон оккупанттары иемденген ірі өнеркәсіп орындарын жаңа мемлекеттің қолына беруге, 8 сағаттық жұмыс күнін белгілеуге, жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер жұмыссыздықтан және аштықтан қорықпайтындай, өздерінің жұмыспен және табыспен қамтамасыз етілетініне толық сенетіндей экономикалық жағдайлар тудыруға жеткізді. Солтүстік Кореяда шаруалардың, жұмысшылардың және интеллигенцияның тұрмысын жақсартуға барған сайын қолайлы жағдай тудырылып жатқан уақытта, Оңтүстік Кореядағы еңбекшілердің жағдайы дәл бұрынғы қалпында қалды. Оңтүстік Кореядағы лисынмандық тәртіп бар тұрғанда, Оңтүстік Кореяның халқы істің жайы жақсарайды деп ешқандай үміт күте алмады.

Солтүстік Кореядағы халықтық-демократиялық құрылыс жағдайында мәдениет құрылысы саласында кең көлемді шаралар өрістетілді: көптеген мектептер, бас-тауыш және орта мектептер ашылды; 15 жоғары оқу орны құрылды, ал жапон оккупациясы тұсында мұндай оқу орны тіпті болмаған еді. Оның бер жағында Оңтүстік Кореяда лисынмандық тәртіп экономика саласында да, мәдениет саласында да халықтың пайдасына қандай да болса елеулі шаралар жүргізіледі.

Міне мұның бәрі Корей Халық-Демократиялық Республикасының сырттан жасалған агрессияға қарсы күресте өзінің жеңістерін сондай батылдықымен және күш-жігермен неліктен қорғағанын айқын көрсетеді. Сонымен бірге, жоғарыда келтірілген фактілер Солтүстік Кореяның халқы халықтық-демократиялық құрылыстың жеңістерінен бастартуға күшпен көндіруге болмайтынын, оңтүстіккорейлік тәртіпті Солтүстік Кореяға тарату әрекеттерінің батыл тойтарысқа ұшырамай қоймайтынын көрсетеді.

Корей халқы мұндай жағдайдан шығу жолын қайдан табуға тиіс?

Мұндай жолды Кореяны демократиялық негіздерде біріктіруден табуға болады, ал бұл үшін КХДР Жоғарғы Халық жыйналысы мен Корей республикасының Ұлттық жыйналысы тиісінше сайлаған Солтүстік және Оңтүстік Кореяның өкілдерінен жалпыкорейлік комиссия құру қажет, сонымен бірге бұл комиссияға Солтүстік және Оңтүстік Кореяның ең ірі демократияшыл қоғам ұйымдарының өкілдері де қатыстырылуға тиіс. Егер Женева кеңесі Солтүстік және Оңтүстік Корея арасында, КХДР-дің аса маңызды демократиялық жеңістерін қоса, демократиялық бостандықтарды сақтауға мүмкіндік беретіндей келісім жасау шарттары туралы өзара келісімге келуге көмектесетін болса және, сонымен бірге, Оңтүстік Кореядағы жағдайдың ерекшеліктерімен санасу қажет деп танылатын болса, онда мұндай келісімге жету корей халқының мүдделеріне де, сондай-ақ басқа халықтардың бейбітшілік пен демократиялық реформаларға ұмтылған талаптарына да сай келетін болады.

Женева кеңесіне қатысушылар, мысалы, Оңтүстік Кореяның вице-президенті

проблемасын реттеуге көмектесе алмады және ол сәтсіздікке ұшырамай қоймайды. Азия елдерінің қоғамдық дамуының өзгерген жағдайында мұндай саясат өзіне тірек таба алмайды.

Корей мәселесінде АҚШ тарапынан осы уақытқа дейін жүргізіліп келген саясат АҚШ билеуші-топтарының Азия елдері жөнінде ұстап отырған негізгі саяси бағытының көп белгілерінің бірі ғана болып табылады. Мұның өзі АҚШ-тың осы топтарының Қытай Халық Республикасына көзқарасы туралы мәселеде ерекше айқын сезіліп отыр.

1949 жылдың күзінде Қытай Халық Республикасын құрған шын мәнісіндегі халықтық күштердің Қытайда кәзірдің өзінде жеңіп отырғанына, соның өзінде түпкілікті жеңіп отырғанына қарамастан, АҚШ тарапынан Қытай жөнінде, қытай халқы жөнінде дұшпандық саясат жүргізіліп келеді. 500 миллионнан аса халқы бар мемлекет жөніндегі осындай агрессиялық саясат қандай нәтижелер бере алады және соның өзінде Қытайдың халық бұқарасының саналылығы мен белсенділігі, оның өз праволарын қорғауға жанайамай әзір отырғандығы күннен күнге артып отырған жағдайда — мұндай саясат қандай нәтижелер бере алады?

Корей соғысын пайдаланып, Америка Құрама Штаттары Қытай территориясы — Тайвань аралын басып алды да, Тайваньға барып тығылған чанкайшилер бандасының көмегімен Қытайға шабуыл жасауға ашықтан-ашық әзірленуде. Ерекше назар аударатын бір жағдай сол, Женева кеңесінде халықтардың праволары туралы әртүрлі сөздер көп айтылды, бірақ Қытай Халық Республикасының шын достарынан басқа ешкімнің де Тайваньді басып алуға қарсы бір ауыз да сөз айтпа батылы бармады. Мұның есесіне біз осында АҚШ жайында намадан тыс, бірақ ешкімді нандырмайтын мадақтау сөздерінің ағыл-тегіл төгілгенін көрдік.

Біріккен Ұлттар Ұйымы мүшелерінің көпшілігіне ересек қысым жасау арқасында ғана американдық агрессияшыл топтары Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына заңды қатысу правосын қалпына келтіруге бес жыл бойы дерлік кедергі жасап келеді. Соның өзінде, АҚШ-тың осы әрекеттерін заңды немесе белгілі бір дәрежеде дәлелді деп санайтындай адал және тәуелсіз демократияшыл қайраткерді табуға болмайтындығына қарамастан осындай әрекет жасалып отыр. Бірақ мынадай жағдайды атап көрсету өте қажет: осында сөз сөйлеген Біріккен Ұлттар Ұйымы мүшелерінің бірде-бірі мұндай қолайсыз және ересек жағдайды жолатын мезгіл жетті деп көрсету сияқты қарапайым сөздің өзін айтуды да азаматтық борышым және табиғи әділеттілік деп сезбеді.

Қытай Халық Республикасына осындай көзқарас болып отырғанда, өз праволары мен мүдделерін қорғауға ұмтылып отырған Азияның басқа халықтары АҚШ-тың саясаты туралы және бұл саясатты қолдап отырған мемлекеттер туралы не ойлар еді?

Азия халықтарының өз праволары мен

сондай-ақ Азияда соғыс блоктарын құруға тырысып отырған болса, Совет Одағы халықтардың коллективтік хауісіздік мүдделерін қорғап отыр, мұндай хауісіздік орнатылған күнде мемлекеттердің бір-біріне қарсы қойылатын соғыс топтарын құрудың қажеті болмас еді. Совет Одағының бұл саясаты бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтап, баянды ету мүдделерінен туып отыр.

Кәзіргі уақытта, батысевропалық мемлекеттердің Батыс Германияны реми-тарландыруға сүйенетін жаңа соғыс тобын құруға әртүрлі шаралар қолданылып жатқаны жұртқа мәлім. Мұндай жоспарлар агрессияшыл империалистік топтардың мүддесі үшін Европада жаңа соғыс әзірлеу ғана болып табылады.

Совет Одағы мұндай агрессиялық жоспарлардың хауішті екендігі туралы тын-бастан сақтандырып келеді. Совет Одағы Европада бір-біріне қарсы қойылатын соғыс топтарының орнына, барлық европалық мемлекеттердің қоғамдық құрылысына қарамастан, олардың күш-жігерін біріктіруге керек екенін және осы біріккен күш-жігердің Европадағы барлық мемлекеттердің коллективтік хауісіздігін қамтамасыз етуге бағытталуы керек екенін жақтап келді және жақтап отыр. Совет Одағы дәл осы мақсатпен «Европадағы коллективтік хауісіздік туралы Жалпыевропалық договор» жасасуды ұсынды.

Біз кәзір отарлық тәртіпті сақтауға және Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына кедергі келтіруге тырысып отырған мемлекеттердің жаңа соғыс топтарын құру жоспарларының Азия елдері жөнінде де жасалып жатқанын көріп отырмыз. Мұндай жоспарлар бейбітшілік мүдделеріне сай келмейді және халықтардың қолдауына сүйене алмайды. Мұндай жоспарлар азиялық емес мемлекеттердің дәурені өткен артықшылық жағдайын Азияда сақтап қалуға тырысқан әрекеттерден туып отыр, ал Азия халықтарының бұған ендігі жерде төзгісі келмейді.

Бірақ Азия халықтарының алдында кәзір басқа, жаңа жолдар ашылып отыр. Қытай Халық Республикасының премьер-министрі Чжоу Эн-лайдың осы кеңесте айтқан және халықтар арасында бейбітшілікті қамтамасыз ету ісінде Азия халықтарының күш-жігерін біріктіруге бағытталған ұсынысы да дәл осыны көрсетіп отыр.

Совет Одағы, Европаның барлық халықтары үшін коллективтік хауісіздік туралы келісімге жетуді қамтамасыз етуге ұмтылып отырғанындай, Азияның барлық халықтары үшін коллективтік хауісіздікті қамтамасыз етуге ұмтылған осы талаптарға да толығымен қосылады.

Миллиондаған адамдар Женева кеңесі жалпыға бірдей бейбітшілікті баянды ету ісіне өзінің маңызды үлесін қосады деп күтуде.

Женева кеңесі осы үміттерді ақтауға өзінің барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

Редактордың орынбасары
Г. ДУРМОЛДИН.